

# Белгілі ақынмен кездесу өтті

**Жерлесіміз, елімізге танымал ақын – Серікбай ОСПАНОВ қаламыздағы Ы. Алтынсарин атындағы гимназияда болып, оқушылармен кездесті.**

Танымал қаламгермен болған кездесу шарасы кеш қонағының өмір жолын арқау еткен бейнекөрініспен ашылып, оқушылар ол кісі жайлы толық мағлұмат алды. Оқушылар Серікбай ОСПАНОВТЫҢ сөзіне жазылған, баршаға мәлім «Сағындым Алматымды» сынды автордың туындыларын орындап, өлеңдерін оқыды.

Кездесу кешінде қаламгер жастарға өз өмір тәжірибесінен ақыл – кеңестерін айтып, алға қойған мақсатқа жету үшін аянбай еңбектенуге шақырды. – Талантты адам барлық жағынан талантты болады. Соның бірін дамытып, сол жолда еңбек ету керек. Бұған дейін басымыздан аштық та, соғыс та, барлық қиыншылықтар өтті. Сендер ең бақытты ұрпақсыңдар. Кім боламын десендер де мүмкіндік жоғары, барлығы өз қолдарыңда. Сондықтан, бір нәрсеге қолдарың жетпесе, кінәні айналаңнан іздемей, өзіңнен көру керек. Еш нәрсе өздігінен келмейді. Барлығына тек еңбекпен ғана қол жетеді, – дейді белгілі қаламгер.



Серікбай ОСПАНОВ бұрынғы Торғай облысы, қазіргі Жангелдин ауданының «Шилі» кеңшары, «Балдай» қонысында өмірге келген. Қазақ ұлттық университеті журналистика факультетінің түлегі. 1968 – 1978 жылдарда Қазақ радиосында республикалық «Жалын» басысында бөлім меңгерушісі болып қызмет істеген. А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінде аға оқытушы, кафедра меңгерушісі, доцент қызметтерін атқарған. Қазір Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі. Бірнеше жыр жинақтарының, аударма өлеңдердің, 200-ден аса ән мәтіндерінің, балаларға арналған тақпақтардың авторы.